

Отандық машина жасауды дамыту және өнім шығаруды игеру бойынша Қазақстан Республикасы машина жасау кешенінің басы бос қуаттарын пайдалану және мұнай-газ саласына қызмет көрсету шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 17 сәуірдегі N 70

Отандық машина жасауды дамыту және өнім шығаруды игеру бойынша Қазақстан Республикасы машина жасау кешенінің басы бос қуаттарын пайдалану және мұнай-газ саласына қызмет көрсету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен, Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетімен бірлесіп Қазақстанның мұнай-газ кәсіпшілігі өнімін игеруге бағдарланған машина жасау зауыттары мен мұнай-газ саласының кәсіпорындарын тарта отырып:

Атырау қаласында 1998 жылдың 28-30 мамыр аралығында "Қазақстанның мұнай-газ машина жасауы" көрмесін ұйымдастырсын және өткізсін;

1998 жылдың 22 сәуіріне дейін ұйымдастыру комитетін құрсын, көрменің бағдарламасын және оны дайындау және өткізу жөніндегі шаралардың жоспарын әзірлесін және бекітсін;

Қазақстан Республикасының машина жасау зауыттарының мұнай-газ саласы өнімін шығаруға арналған экспозициялармен көрмеге әзірлігін және қатысуын қамтамасыз етсін.

2. Облыстардың және Ақмола мен Алматы қалаларының әкімдері мұнай-газ машина жасау өнімін шығарушы және игеруші кәсіпорындардың көрмеге қатысуын ұйымдастырсын.

3. Атырау облысының әкімі:

Атырау қаласында көрмені өткізу орнын әзірлеуді ұйымдастырсын; министрліктердің, ведомстволардың, әкімдер аппаратының және көрмеге қатысушылардың өкілдеріне көлік құралдарын бөлуді және олардың тұруын қамтамасыз етсін.

4. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы мен "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы аффилиирленген кәсіпорындардың Қазақстаннан тысқары жерлерден сатып алатын жабдықтар мен материалдардың экспозициясымен көрмеге әзірлігі мен қатысуын, сондай-ақ көрмеге қатысушылардың мұнайды өндіру, дайындау, тасымалдау және өңдеу объектілерінде болуын ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі көрмені өткізуге және қаржыландыруға тартылған ұйымдардың шығыстарының өндірістің шығындарына

жатқызылуы тиіс екендігін ескерсін.
6. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ